ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 25 қаңтар №5265-24-00-2/28 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Д.М.Конысбаеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Шымкент қаласы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер Рахимбердиева Улжамал Джумабековна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұраксыздықты өндіру

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Шымкент қаласы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Рахимбердиева Улжамал Джумабековна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Рахимбердиева Улжамал Джумабековнадан мемлекет пайдасына 121 317 (жүз жиырма бір мың үш жүз он жеті) теңге тұрақсыздық төлемі, мемлекеттік баж 3 657 (үш мың алты жүз елу жеті) өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 25.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.03.2024, судья Конысбаева Д. М., 06.03.2024
5265-23-3-1/4132

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья **Д.М.Конысбаева**

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 25.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.03.2024, судья Конысбаева Д. М., 06.03.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

5265-23-3-1/4132